

# Егемен Қазақстан

## Қазақтың ақбас сиыры



Қолда барды қолдыратпай қорғау керек, дарақылыққа салынбай, дамыту керек, сөйтіп, тұрмысты түзеп, жоғымызды бірте-бірте түгендеу қажет дегенді айтудай-ақ айтып келеміз. Бірақ соның көбі сөзде бар болғанмен, істе қожырап, қорымай, кей тұста қор тірлік болып жататыны да анық. Әсіресе, бұл тұрғыда ауылдың жайы алаңдататындай. Осының астарын аударып қарасақ, қазір «Нұр Отан» партиясы қолға алып жатқан сыбайлас жемқорлықтың сойылын сүйреп жүргендердің кертартпалығынан, ілгері басар істі ірітуінен бе деген күдік те жоқ емес. Одан бөлек анау бір жабайы жекешелендіру кезінде көп дүниеден көзді ашып-жұмғанша айырылып қалдық. Мәселен, қазақ үшін шалқыған дәулеттің, күнделікті күнкөрістің көзі саналған ірі қараны – 59 пайызға, қой-ешкіні – 49 пайызға, құсты – 57 пайызға кемітіп жіберіптік. Артынан ес жиып, етек-жеңімізді жинап,

ашықшашығымызды түгендей бастағанда, ана елдің, мына елдің қызыл-жасылы өзіміздікінен артық еместігін білгенде, іштей «әттеген-ай» дедік. Біз де кешегіден мүлде тақырда қалмағанымызды, нәр алар тамырдың болғанын түйсіндік. Ұрандатып жүріп, барымыздан айырылып қалғанымызды аңғардық. Бағалай алып, жүйелі жүргізсек, ұтымды ұйымдастырсақ, Абай секілді «Қазақта адам баласы ғой...» десек, сол қазаққа тиесілі байтағымыздың астын қойып, үстінде де мол байлық бар екен. Сол байлықтың бірі, сүтін ішсек ішегімізді ағартатын, жесек өзегімізді жалғайтын, ет десе етпетінен түсетін қазақ қазынасының бірі – қазақтың ақбас сиыры еді.

Қазақ пен қазақстандықтар ет жеуден де алдына жан салмайтын шығар десек, біржылдық еншісіне 55 кило ғана ет тиеді екен. Ал Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы ет және ет өнімдерінің қалыпты нормасы әр адамға шаққанда 80 килодан кем болу керектігін айтады.

Елбасы 2016 жылға қарай 60 тонна ірі қара етін экспортқа шығаруды жүктеді. Оған да санаулы уақыт қалды. Өткен жылы сыртқа шығарған сиыр еті 1 мың 346 тонна делінеді. Ауыл шаруашылығы министрлігінің дерегіне сенсек, 210 мың тонна етті сырттан сатып алған екенбіз. Оның 70 пайызы, яғни 170 мың тоннасы АҚШ-тан жеткен құс еті екен. Сол сырт мемлекеттерден жеткізілетін 23 мың тонна сиыр етінің 30 пайызы өзіміз секілді ширек ғасырға таяу уақыт бұрын тәуелсіздігін жариялаған Беларусь мемлекетіне тиесілі болып тұр. Қалай десек те, өзің қимылдамай, өндірмей өзегің жалғанбайтынын Шерағаң, Шерхан Мұртаза айтқандай «Кісідегінің кілті аспанда тұратынын» қазір уақыт көрсетудей көрсетіп келеді. Екінші дүниежүзілік соғыс деген алапатта тоз-тозы шыққан неміс жұртының зиялылары: «Бұл сұмдықтан бізді ұлттық патриотизм ғана құтқарады», деп он қағида аясында халықты жұмылдырған көрінеді. Соның бірі, шетелдің еті, майы, тағы басқа өнімдеріне өз дастарқаныңнан ойып тұрып орын алуына еркіндік бермеу. Себебі, «Ол неміс ет өндірісіне және отандық мал шаруашылығына зиянын тигізеді», деген сөзді үлкенкішінің санасына судай сіңірген. Бүгінгідей аумалы-төкпелі заманда Елбасы жасап жатқан қамқорлықты тиімді пайдаланып, өміршең істі осындай өршіл рухпен өрістету қазыналы қазақстандықтардың әрқайсысының мойнындағы мың батпан жүк екенін түсінетін уақыт жеткенді қойып, асып кеткені айдай анық. Біз ой желісіне арқау етіп отырған қазақтың ақбас сиыры кезінде елді, КСРО жұртын етпен қамтамасыз етуде үлкен рөл атқарғаны белгілі. Сол туралы әңгіме қозғау көптен көкейде жүретін еді.

Өткен жылы Жайық өңіріне жол түскенде осы ірі қараның бір бұтағы сонда болғанын, оның бір кездегі қызулы қоламтасын қаузап алатын, қазіргі жай-күйін түгендейтін «көне көзді» іздеген едік. Табылды. Жолықтық. Алақандай бөлменің қақ маңдайшасына, өзінің желкесіне керіліп тұрған ақбасы ала бауыр бұқаның, еті тығыз, қоңы толық сиырдың суретін іліп қойып, қиялға шомылып тесіле қараған азаматты сөзге тарттық. Шешіле қоймады. «Қазақтың ақбас тұқымы таза түрінде бар ма, жоқ па?» дейміз инеліктей қадалып. «Оны дәл басып айта алмаймын. Мені қойшы мүйізі қарағайдай ғалымдардың өзі де айта алар ма екен?» деп ол сөзін қысқа қайырды. Артынан: «Қазақтың ақбас тұқымы америкалық геррефордтан еш кем емес!» деп керегедегі ақбас тұқымға бір қарап алып, қасын керіп, одан соң қабағын түйіп, «басымды қатырып қайтесін?» деген кейіп танытты. Біз мұны – бүкіл өмірін мал шаруашылығына арнаған, селекционер-ғалымдармен бірлесіп, қазақ сиырының өрісін кеңейтуге үлес қосқан, жасы жетпіске таяп қалса да, осы бір шашылып қалған жұмысты қалай қалыпқа түсіруге, болады деп ой кешіп жүрген Мақсот Балқыбаевтың жан күйзелісі деп ұқтық. Астанаға келгеннен кейін де Мақсот Кенжеұлына әлденеше рет телефон шалдық. Деректер айтуға келісім берді. Маманның түймедей түйінді сөздеріне көңіл аударып, көз тоқтатып көрелік.

Ол ХХ ғасырдың 20-30 жылдары сол кездегі Кеңес Одағы азықтүлік нарығында ет өнімдерінің жетіспеушілігін бастан кешірген де: сүті мол сиыр мен бұзаулайтын құнажынды союға дейін барған жағдайлар жиі ұшырасқан жағдайлардан мысалдар

келтіріп, 1929 жылы Ленин атындағы Ауылшаруашылық ғылымдар академиясы құрылып, ғылыми ізденістер жүйелі жолға қойылғанын, 1930 жылы Орынборда ірі қара шаруашылығы ғылымизерттеу институты шаңырақ көтергенін, оның құрамына оңтүстік шығыс аймақ, бұрынғы Сталинград, Орынбор, Батыс Қазақстан, Ақтөбе, Қостанай, Ақмола, Қарағанды, Семей аймақтарын қосқанда шамамен 550 мың шаршы километр өңір енгенін тілге тиек етті. Сондай игілікті жұмысқа үлес қосқан ғалымдардың атын атап, етті бағыттағы ірі қараның герефорд тұқымы XVIII ғасыр да Англияда шығарылғанын (Херефорд графтығы), бұқалары 850- 1000, сиырлары 550-600, бір жылдық бұқашықтарының салмағы 420 килоға дейін салмақ тартқанынан мысал келтіріп, қазақтың ақбас сиырының тұқымы жергілікті қазақ және қалмақ сиырларын Англия мен Уругвайдан әкелінген герефорд тұқымының аталық бұқаларымен жиырма жыл бойы өндірістік будандастыру жұмыстарының нәтижесінде шығарылғанын атады. «1951-1955 жылдары жүргізілген зерттеулердің деректерінде үш-төрт бұзаулаған қазақтың ақбас сиырының орташа тірілей салмағы: Ақтөбе облысы бойынша 423 кило, Батыс Қазақстан облысында 427 кило болды. Қазіргі бар сиырлардың орташа салмағы осыдан көп аспай тұр. Қазақтың ақбас тұқымының шырқау шыңы, «алтын ғасыры» 1970- 1994 жылдарда өтіп кетті-ау» дейді.

Ал жергілікті қазақ сиырын герефорд бұқаларымен будандастыру арқылы алынған будан бұзаулар Қазақстанда 1933 жылы пайда болып ты. Бастапқы кезеңде сиырларды қолдан ұрықтандыру әдісі қолданылған екен. Жаңа тұқым 1934 жылы – 29000 бас, 1938 жылы – 116000 бас, 1940 жылы жоспарланған табындардың барлығы бірінші және екінші буындарды құрапты. Зерттеулердің нәтижесі көрсеткендей, будандардың екінші және үшінші кезеңінде ол сиырлар беретін еттің өнімділігі таза тұқым делінетін герефордтардан еш кем еместігі дәйектеліпті. Мақсот Балқыбаевтың айтуынша, КСРО дәуірінде басқа республикалармен салыстырғанда етті ірі қара шаруашылығы Қазақстанда жоғары қарқынмен дамыпты. Сөзіміз жалаң болмас үшін профессор Д.Л. Левантиннің мәліметіне сүйенсек, 1984 – 1985 жылдары етті сиырлардың үлес салмағы Францияда, Англияда, Италияда және Ирландияда – 19,7- 31%-ға дейін, АҚШ-та – 76,6 %, Канада – 66, Аргентинада – 94,6% бол ған. Қазақстанда етті ірі қара тұқымдарының ішінде қазақтың ақбас сиырының үлес салмағы 78 пайызды құрапты. 1960 жылдан 1990 жылға дейін етті ірі қараның жалпы саны Қазақстанда орташа есеппен жылына 3,2 пайызға, ал соның ішінде қазақтың ақбас сиырының тұқымы 13,7 пайызға өскен. Бұл қазақтың ақбас тұқымының өзге етті тұқымдармен салыстырғанда, оның артықшылығын көрсетсе керек.

Қазақтың ақбас сиырын жаңа тұқым ретінде 1950 жылы бекітіп, тұқым ды шығарған азаматтарға КСРО мем лекеттік сыйлығы беріліпті.

Мақаң еліміздің батыс облыстарындағы қазақтың ақбас тұқымының саны жайлы ой өрбіткенде: «1990 жылы қазақтың ақбас тұқымының саны 1 миллион басқа жеткен. Ал одақ бойынша қазақтың ақбас тұқымының саны 1985 жылы – 1369,5 мың бас, қалмақ – 323,3 мың бас, герефорд – 179,8 мың бас, абердин-ангус – 59,0 мың бас болған. Жоспарлы жүйеде жұмыс жасаған сол уақытта етті ірі қара малының ішінде қазақтың ақбас тұқымының үлес салмағын – 55,5 қалмақ тұқымын – 19,7, герефордты – 7, шаролені – 6, абердин-ангусті – 3 пайыз мөлшерінде өсіру мақсаты қойылған. Бірінші орында тағы да қазақтың ақбас сиыры тұрды. Ал 1994 жылдан шамамен 2005 жылдар арасында қазақтың ақбас сиырының саны құлдырап, сапасы төмендеген жылдар болды. Себебі, алда айтқан асығыс, әзірліксіз жекешелендіру ісі соған әкелді. Шаруашылық жұмыстарын жүргізуге қажетті жанар-жағармайға, техника жөн деуге, қажетті бөлшектер алуға, еңбекақы төлеуге айырбас «құралы» ақбас сиыр «еншілегенін» жұрт жақсы біледі. Біз уа қытша тірлік үшін ертең қалай болады дегенді естен шығарып алдық та, сондай жөнсіздікке жол беріп, қазір орнын қайтсек толтырамыз деп жүрміз. Бұл айтқандарымызды дәлелді сөзбен түйіндер болсақ, 1994 жылы облыстағы ең мықты делінген «Аңқаты» асыл тұқымды мал зауытында – 6300 бастан астам, ал Чапаев асыл тұқымды мал зауытында – 7800 бас асыл тұқымды мал болған еді. 2014 жылдың 1 қаңтарында жоғарыда аталған шаруашылықтарда

статистикалық есеп дерегіне ден қойсақ – 1308 және 883 бас мал бар делінсе, бір кездегі табысы мол асыл тұқымды шаруашылық саналатын «Таловта» тігерге тұяқ қалмапты.

Иә, заман өзгеріп, заманға сәйкес заң да өзгеріп жатыр. Мен бұл жерде біреудің көзін шұқиын немесе айып тағайын деп, өткенді қазбалап отырғаным жоқ. Айтпағым, «Алдағы уақытта осындай олқылыққа жол бермейік, өткеннің кемшілігінен сабақ алайық», деген ниетте жеке тұжырымымды ортаға салуды мақұл көрдім. Бұл күндері асыл тұқымды мал деген «мәртебені» «Асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы» заңға сәйкес, әр тұқым бойынша құрылған Республикалық палата «иә» десе ғана мал асыл тұқымды болып есептеледі. Мысалы, Батыс Қазақстан облысында ақбас тұқым саны Республикалық палатаның есебі бойынша 2014 жылдың 1 қаңтарында – 7604 бас көрінеді. Мемлекеттік статистика мекемесінің ведомстволық есебінде – 13695 бас, осы тұқымның мемлекеттік тіркелімінде – 15781 бас деп көрсетілген. Сонда біз осы үш түрлі «сөйлеген» үш мекеменің қайсысына сенеміз? Мұны бір ізге салуға болмай ма? Қорамыздағы малдың санын білмесек, қалай болғаны?» деп қынжылды.

Мақсот Кенжеұлына атақты ғалым Алексей Васильевич Черкаевпен бірге жұмыс істеу бақыты бұйырмағанмен, ол кісіден алған үлгісін былайша баяндайды: «1981 жылы мен Мәскеудегі Жоғары селекциялық – асылдандыру мек тебінде оқығанда, академиктен сабақ алдым. Дипломдық жұмысыма жетекшілік етті. Оқып жүргенде онымен бірге одақтық Ауыл шаруашылық ми нистрлігінің өкілдерінен, ВАСХНИЛ-дің мүйізі қарағайдай ғалымдарынан құралған үлкен комиссия мүше лерінің құрамында Беларусь Рес публикасының етті бағыттағы шет елдік селекцияның малдарын өсіретін барлық шаруашылықтарында болып, озық тәжірибелерімен таны сып, сараптама жасағанымыз бар. Бұдан кейін академик жыл сайын уақыт тауып Оралға келіп, шаруа шылықтарда болып, малды ауылды аралап, студенттермен кездесіп, дәріс оқитын. Сондай сәттерде мені қасынан тастамайтын еді «Вдоль Урала берегов», деген мал күтімі мен асылдандыру технологиясы туралы жазған кітабын «Қазақтың ақбас тұқымы бойынша, әріптесім Мақсот Кенжеұлына – автордан» деген қолтаңба қойып сыйлаған еді», деп бір тыныстап алып, «Қазақтың ақбас тұқымының жұлдызы жанған уақытта өңірдегі жетістіктерімізді төрткүл дүниеге таныстырып жүрдік. 1976 жылы Германияның Ляйпциг қаласында халықаралық «АГРО -76» көрмесі өтіп, онда КСРО атынан Батыс Қазақстан облысының Чапаев асыл тұқымды мал зауытынан қазақтың ақбас тұқымының бес бас бұқашықтары «чемпион» атанып, соңынан ол Италия еліне алтынға сатылды. 1977-1978 жылдары Мәскеуде БХШЖК-да (Бүкілодақтық халық шаруашылығы жетістіктерінің көр месінде) осы шаруашылықтың «Точка-5210» деген сиырының тірілей салмағы 945 кило тартып, топты жарды. Әлемдік деңгейдегі ғалымдардың сол тұстағы айтқан сөздері: «Бұған дейін бұндай салмақ тартқан сиыр соңғы 100 жылда тіркелмеген» дегенге сайып, мәртебемізді бір көтеріп тастағаны бар. 1982 жылы аталмыш шаруашылық одақтық республикалардың түкпір-түкпіріне жалпы саны 1504 бас қазақтың ақбас тұқымды жас сиырын сатуға қол жеткізді. Бұл рекордтық көрсеткіш еді. СЭВ (Совет экономической взаимопомощи) елдеріне жататын Болгарияға, Венгрияға, Чехословакияға осы шаруа шылықтан қазақтың ақбас тұқымының аталық бұқаларының 196 градус суықта сұйық азотта қатырылған 1500 ұрық түйіршіктері пұлданғанын да айта кетуді парыз санаймын. 1984 жылы одақта бірінші рет Чапаев асыл тұқымды мал зауыты жобалық түрдегі бұқашықтардың және аталық бұқалар өнімділігіне сынақ жүргізетін стансаны іске қосты. Ол 1997 жылға дейін жұмыс жасап, 70-тен аса аталық бұқа мен 1100 бас бұқашықтар тексеруден өткізілді. Айталық, № 42216 бұқашық тәулігіне – 1281г., №43384 бұқашық – 1267г. салмақ қосса, «Камертон» бұқашығы 8 айдан 15 ай аралығында тәулігіне 1414 грамм салмақ қосқан. Осы көрсеткіштер қазақтың ақбас тұқымының потенциалының өте зор екенін айғақтап тұрған жоқ па?».

Чапаев асыл тұқымды мал зауытында өсірілетін асыл тұқымды малдар негізінен төмендегі 5 зауыттық іздерге жатады екен. Олар «Вьюн712к КБ-5», «Ветеран 7880 КБ-4», «Байкал 442к», «Восток-7632», «Коппертон-150к», т.б.

Мақсот Балқыбаев алда айтқан академик Алексей Черкаевпен бірлікте «Ветеран-7880», «Вьюн712» «Каппертон-150к» және «Батыс Қазақстан аймақтық сүлесі», «Шағатай тоқал сиыр» түрлерін шығаруға атсалысқанын, көптеген авторлық куәліктерге ие болғанын айта кетуге тиістіміз. Мысалы, «Вьюн-712к» асыл тұқымды бұқаның тірідей салмағы 7 жылдан кейін 1 150 кило тартса, «Ветеран7880КБ-4» тұқымы 1080 және 1050 килоны көрсетіпті.

Жалпы, қазақтың ақбас сиыры етті тұқымға жатады. Тұқымында 11 зауыттық желісі бар. Оның тоғызы Қазақстанның үлесінде. Бұл тұқым Республиканың далалы және шөлейт аудандарының табиғи жағдайына бейімделген. Түсі қызыл, басы, құйрығының ұшы, әукесі, бауыры мен сирағы – ақ болады. Тез жетіледі. Кеудесі кең, аяқтары қысқа, өте берік келеді. Сақа бұқасы орта есеппен 800-900 кило, кейде 1100-1300 кило, сиыры 450 килодан 580 килоға дейін тартады. 7-8 айлық еркек танасы 200-220 кило болса, ұрғашы танасы 180-200 кило болады. 15-18 ай өткен соң еркегі 900-1000 грамм, ұрғашы тайынша 700-800 грамм салмақ қосады. Ет түсімі 57-60 пайыз. Қазақтың ақбас сиыры негізінен Ақмола, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстарының шаруашылықтарында өсірілген.

– Қазақта «Болмасын деген оңбасын» дейтін сөз бар. Әрине, қатқылдау естілер, бірақ астарында ақиқат жатқанын естен шығармағанымыз жөн. Қазір мал соңында жүрген малшылармен бірге, сол төңіректі білетін, жұмыс жасайтын мамандарды «Текті түліктің қалғанын қайтіп сақтап қаламыз, қалай асылдандырамыз, әрі қарай қалай көбейтеміз?» деген ой күндіз-түні мазалау үстінде. Қаражат мәселесіне келетін болсақ, оны жоқ немесе жетпейді деп ауызды құр шөппен сүртуге болмайды. Елбасының тапсырмасымен Үкімет соңғы жылдары бұл салаға қаржы құюға сараңдық танытып жатқан жоқ. Миллиардтап бөлініп жатыр. Реніш білдіру артық. Біздің айтар ұсынысымыз мынау, селекцияда сұрыптау қысымы (давление отбора) деген құбылыс бар. Бұл мал асылдандыру ісінде үнемі есте ұстау керек дегенді ұқтырады. Бірақ біз осы «давление отбора» шарасын көп жағдайда естен шығарып алып жүрміз. Үнемі жүргізілуге тиіс жанжақтылыққа селқос қарайтынымыз жасырын емес. Айталық, қойылатын талаптарға сәйкес келмейтін қашарларды тұқымдық малдан бөлек ұстау (выбраковка, выранжировка), яғни сұрыптау жасалмайды. Ондай сұрыптаудан өткен мал тікелей бақылауда болуы керек. Тағы бір өкінішті жағдай, асыл тұқымды малды сұрыптау кезінде нашар дегеннің өзі «Сыбаға» бағдарламасымен сатып алынып жатқан тауарлы малдардан әлдеқайда артық екеніне мен кепілдік бере аламын. Бұл жерде айтайын деп отырғаным, тұқымы жақсы мал шығарумен айналысатын малшы өзіне қажет емес қашарларды сататын болса, онда оның табынында тек тұқымы талапқа сай малдар қалады. Ал ол малдар бұрынғыша табында жүре беретін болса, жүргізген селекциямыздың, қазақша айтқанда сұрыптауымыздың нәтижесі болмайды, орташа күйде қала береді. Ақиқатына келсек, бұл мәселе бізде көбінде ақсап жатыр. Енді осы жерде «шаруалар, шаруа қожалықтары сол асыл тұқым неге сатып алмайды» деген сұрақтың төбесі қылаң береді. Біріншіден, шаруаның тікелей сатып алатын қалтасында ақшасы жоқ. Сондықтан «Сыбаға» қазіргі тауарлы мал сатып алуға ғана беріп жатқан қаржыны нағыз «текті» тұқымды сатып алуға бұру керек. Ол қаражат жеткілікті болуы тиіс. Тауарлы мал емес, асыл тұқымды мал өсірумен ай - налыссак ұтамыз. Бұл өзгеге тәуелді болудан құтқарады. Президент тапсырмасын дер кезінде орындаймыз. Онсыз іс ілгері басады дегенге күмәнім бар. Мынаны ойластырдық па, тауарлы малды сатып алған малшы оның тұқымын қашан жақсартып болады? Қанша шығын жұмсалады? Өнім өндіруді қалай іске асырады? Оған кететін уақытты есептедік пе? Ендеше, негізі бар, өнімі кезінде ел игілігін өтеген дайын тұқымды дамытқан жақсы, әрі тиімді емес пе? Бұл жерде біз бір окпен екі қоянды қатар атып аламыз. Біріншіден, асыл тұқым өсіріп жатқан шаруашылықтың берері шамалы малдан тазартамыз. Екіншіден, класы төмен болса да «тегі», өнімділігі, сапасы бар түлікке шаруаны бірте-бірте ие етеміз. Бұл кім кімге де пайдалы. Мысалы, өткен жылы деп айталық, шаруаның сатқан қашарларының орташа салмағы 200 кило болды делік. Сұрыптау, табынды жақсарту

үздіксіз жүргендіктен тұқым төлдері 10-15 килодан салмақ қосып жақсара береді. Үшіншіден, бұрынғыдай асыл тұқымды шаруашылық, зауыт деп дәрежелену бүгінде жоқ. Оның орнын асыл тұқымды мал деген атау басады. Бірақ осының кейбір жерлерде кесірі тиіп жүр. Қалайша дерсіз, біреудің асыл тұқымды оншақты сиыры бар делік. Ол одан алған төлді сатады. Әрине, оның бастапқы «тегі» кезінде сұрыпталған асыл тұқымды мал болғаны рас. Мен мұны неге айтып отырмын? Жоғарыда айтқан Республикалық палатаға асыл тұқымды мал өсірушілер мүше болып кіріп жатыр. Иә, 10 немесе 20, 50 сиырым бар деп мүшелікке кіреді. Айталық, 50 сиырдан 25 еркек бұзау туды делік. Осыдан сатып алушы таңдап, бес бұқашық алады. Шындығына келгенде, оның бесеуі бірдей «керім» бұқашық? Жоқ, соның тек бір-екеуі ғана тұқымды жақсарту алуы мүмкін. Бір кездегі Чапаев, «Аңқаты» мал зауыттарынан 100 бастың ішінен бес бұқашықты таңдап алып тұрып, қателеспедім бе дейтін. Ол кезде мал басы мол, таңдауға мүмкіндік бар. Ендеше, он сиырдан туған екі-үш бұқашық табынды жақсарту алмайды. Осыны неге есте ұстамаймыз, тереңнен ойластырмаймыз? Сосын мына жағдайды да ұмытпайық, асыл тұқымды мал өсіретін шаруашылықтардағы сиыр – 200-300 бастан кем болмауы тиіс. Сонда ғана асыл тұқым өсіруге бір табан жақындайды. Он сиырдан асыл тұқым өсірем, не өсіріп жатырмын деу артық. Алдаусыратып ақша табу.

Тағы бір күйіп тұрған мәселе, қосымша құн салығына (ҚҚС) қатысты. Мұны төртінші мысал деңіз. Мәселен, көршіміз Ресейден мал сатып алып жатқан шаруашылықтар бар. Оған қосымша құн салығы салынады. Мәселен, шаруа қожалығы көршімізден 100 бас ірі қара сатып алып, оған 3 млн. теңге қосымша құн салығын төледі. Сонда Үкімет оған бір қолымен 11,8 млн. теңге демеу қаржы береді де екінші қолымен ҚҚС ретінде 3 млн. теңгені қағып түсірді. Менің жеке ұсынысым, сол салықты төрт аяқ теңескенше тоқтата тұрсақ қайтеді? Бесінші, алда да айттым, біздің қазақтың ақбас тұқымы Америкадан «келіп» жатқан геррефорд тұқымынан салыстырмалы түрде алғанда, еш кем емес. Біріншіден, америкалық малдың құны қымбат (қашарлары 4,0 мың, бұқашықтары 7,5 мың доллар), екіншіден, ол біздің ортаға, ауа райына, жемшөп, су, жайылыс, т.б. бейімделуі оңайға түспейді. Қосымша шығын белуардан, ерекше күтімді, еңбекті қажет етеді. Өзіміздің ақбасымыз болса, ол өзінің жеріне әбден жерсінген көнбіс түлік қой. Оның осындай «дәрежеге» қанша уақытта, қалай жеткенін алда аз-кем айттым. Үшіншіден, қарапайым мысалға жүгінсек, ақбас тұқымның тәулігіне қосатын 1000 грамм қосымша салмағы геррефордтың тәуліктік алатын 1200-1300 грамм қосымша салмағына тең болады. Оған көз жеткізу қиын емес, геррефордқа кеткен шығын, яғни «көк қағаз» – есептеп жіберсеңіз шыға келеді. Бейнелі сөзге жүгінсек, бізге келетін геррефорд дегеніңіз қазақтың қарапайым тілімен айтқанда, байдың баласындай «ішкені артында, ішпегені алдында» алтын азыққа бөктіріп ұстайтын түлік. Анау айтқан қосымша салмақты алу үшін күн сайын жем, түрлі құнарлы витаминдер беру керек. Жемнің бағасы удай, оны былай қойғанда – астық біткен стратегиялық байлығымыз. Сонда бізге қайсысы тиімді? Әрине, экономикалық жағынан ақбасымыз тиімді. Осы арада бұрын Ауыл шаруашылығы министрі болған, бүгінде С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің ректоры Ақылбек Күрішбаевтың «Егемен Қазақстан» (7.02.2014 жылы) газетінде «Малды асылдандыру үшін шеттен тасымалданған мал уақыт өте келе өзінің тектілігін жоғалтады» деген пікіріне жүз пайыз қосыламын.

Тағы бір айтайын дегенім, бұзаулайтын сиырды көбейтуіміз керек. Ол үшін «текті» түлік өсіріп отырған шаруалар шамамен үш жылдай малын сатпай, өсіруі қажет. Бірақ ол шаруалар үшін өте қиын мәселе. Мал сатпай тұра алмайды, өйткені, қаражат керек. Бұдан шығудың жолы қайсы? Мал сатуға мораторий жариялап, осы мерзімде осы уақыт ішінде асыл тұқымды көбейтіп алуымыз керек. Үкімет ең болмағанда әр облыс бойынша 5-6 шаруа қожалығын қаржымен толық демеп отырса, олқы тұс оңалып, кетік бітелер еді.

Жоғарыда айтқан шетелден мал сатып алу жайына қайтадан айналып соғар болсақ, сол малдан «племенрепродуктор» жасақтаймыз деп қыруар шығынға батқанша, асыл тұқымды мал өсіріп жатқан біздің өңірдегі «Айсұлу» ШҚ (бұрынғы «Аңқаты»), Ч а п а е в

Ж Ш С ( « Ш а ғ а т а й » ) , «Сабит», «Шонайбеков» сияқты шаруа қожалықтарына қол созсақ ұтылмас едік. Шетке берген қаржыны несие ретінде соларға құю керек. Осылайша әр өңірден 4-5 шаруашылық жасақтап алсақ, олар әрі қарай асыл малдың сапасын жақсартып, санын көбейтуге септігін тигізер еді деген ой мені күндіз-түні мазалайды, дейді Мақсат Балқыбаев.

Осы жерде қазақтың ақбас тұқымынан өзге етті, сүтті ірі қаралардың аз болмағанына мысалдар келтіре кетуді жөн көріп отырмыз. Олардың қатарында, сүтті бағыттағы қырдың қызыл сиыры, әулиеата сиыры, латвия бурыл сиыры, қарала сиыр тұқымы, сүтті, етті бағыттағы алатау, симмен таль тұқымдары, етті бағыттағы қалмақ сиыры, сантагертруда, галлювей тұқымдары бар.

Міне, өзімізде де сиыр тұқымы жоқ емес екен. Бар. Тек мән берсек, көңіл аударсақ болғаны. Азаматтарымыз осындай ірі қара тұқымдарына сергектік танытса, өзгенің малын көтере қырқып, керемет дей бермей, атажұртына да көз салып, көңіл аударса, қаптаған ғалым, толып жатқан академиктер атакты малданып жүре бермей, Мәскеуде жатып, қазақтың ақбас сиырының тілеуін тілеген академик А.Черкаевтай үлгі болса, киелі қонысымыздағы сиреген сиыр тұқымы көбейіп, аузымыз аққа тиіп, өзегіміз еттен қуат алып, әр қазақстандық бір жылда әлемдік көрсеткіштегідей 80 килодан емес, 100 килодан ет жейтініне иманымыз кәміл. Қайталап айтамыз, ең бастысы – мұндай елдік іске тізгін ұстаған, жоба-жоспар жасаған, бағдарлама түзген ірі мекемелердегі лауазым иелері, оларды төңіректеген кеңесшілер кеңдік танытпаса, өз есебін «оздырып» жіберсе туралай береді. Кейде биліктің тұтқасын ұстаған азаматтар іс қожыраса, өзі ақтан сопы болып, бар кінәні өзгеге, одан қалса жалқаусың деп бұқараға итере салатыны ақиқат. Бұл көп жағдайда орны толмайтын өкінішке ұрындырмай қоймайтыны анық. Осы жерде данышпан Абайдың: «Осы күнде қазақ ішінде «ісі білмес, кісі білер» деген мақал шықты. Оның мәнісі: ісіңнің түзулігінен жетпессің, кісіңнің амалшы, айлалығынан жетерсің деген сөз» деп ке летін керемет байламы ойға оралып отыр.

Иә, жоғарыдағы маманның пікіріне, біз келтірген деректерге ешкім таласа қоймас. Ақбас сиыр мүлде жұтап қалды демейміз. Бар. Бірақ сапасы баяғыдай емес екені даусыз анық. Арқаны кеңге салып, бірте-бірте болады деген жұбату сөзбен жүре беретін уақыт келмеске кетіп барады. Дүрбелеңі тез, ес жинауды талап ете бастаған дәуірде ұмтылмасаң ұтыласың, етек-жеңіді жинамай, өзгеден барды алып, алаңсыз отыра берсең, көсегең көгермейді. Бүйі рің шығып, әрің кірмейді. Қазір шал қытып жүрген әкеңнің байлығы секіл ді, жер байлығына салақсысаң, сатасата сарқып кетсең, кейінгі ұрпақ не айтады?

Өзіміздікінің аузы сасық деп, мұхит асырып әкелген, Еуропадан жеткізген, асыл тұқым деп әспеттеген «шіркіндердің» біразы кеселді болып, арты даушарға ұрынып, отқа оранып, тып-типыл болғанына, аяғы жылыстап құмға сіңіп құрығанына куәміз. Егер сол ұшан-теңіз қаржы өз малымыздың үлесіне тигенде, ендігі елдегі ет пен сүтті өндіру құстай ұшпаса да, шведтердей сиыр қорамызды әйнектеп қоймасақ та, біраз ісіміздің адымы ашылып, босап қалған Ресей базарын басып алмасақ та, біз де осал емеспіз, оспадар мінез жарас пайды дер едік-ау!

Сүлеймен МӘМЕТ